

## Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттарды айқындау туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 75 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 ақпанда № 3597 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 14 сәуірдегі № 300 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 14.04.2025 № 300 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Сайрам ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттар осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. "Сайрам ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Сайрам ауданы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Сайрам ауданы әкімінің орынбасары Т.Керімбековке жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*В.Кайназаров*

Сайрам ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы 27 қаңтардағы  
№ 75 қаулысына қосымша

## Коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттар

№ р/с	Өлшемшарттар атауы	Иеліктен айыру түрлері

1	<p>Объектіні одан әрі бақылауда мемлекеттің мүдделігінің болмауы (шарттар қойылмайды).</p> <p>Объектіні барынша жоғары ықтимал бағамен сату және сауда-саттыққа қатысушылардың кең ауқымын тарту қажеттілігі.</p>	<p>сауда-саттықты аукцион нысанында өткізу</p>
2	<p>Объектіні сату шарттарын (қызмет бейінін сақтау, кредиторлық берешекті өтеу, жалақы бойынша берешекті өтеу және басқа да шарттар) белгілеу қажеттілігі.</p> <p>Объектіні барынша жоғары ықтимал бағамен сату қажеттілігі.</p>	<p>сауда-саттықты коммерциялық тендер нысанында өткізу</p>
3	<p>Сенім білдірілген басқарушының, жалдаушының (жалға алушының) кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқару, мүліктік жалдау (жалға алу) шарты талаптарын орындау.</p>	<p>тікелей атаулы сату</p>